

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ, ЭТНОПЕДАГОГИКА И СРАВНИТЕЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА

FTAMP 14.09.95

<https://doi.org/10.48081/GCZW7662>***Е. Жуматаева**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ҒАЛЫМНЫҢ ТАҒЫЛЫМ ТАНЫМЫ

Автор бұл мақалада ғалым-зерттеуші Төлеубекова Рымиаш Кәмешқызының ұстанымы аталған тұжырымға сәйкес келетіні байқалды. Өзінің меңгерген ғылыми пайымының құндылығын саралауға қайшылықты табан аузында, оқысынан нұсқалы тұрғыда анықтай алуы зерттеушінің өз-өзімен диалогқа түсу іскерлігін ұштап отыруын аңғартады. Ғалым зерттейтін мәселелердің бірі-барлық әлеуметтік және экономикалық проблемалар мен қақтығыстармен әр түрлі, күрделі әлем қарсаңында тұрған моральдық жетілген тұлғаның қалыптасуы, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделудің кең мүмкіндіктерін анықтау. Халықтық педагогиканың ғасырлар бойы бала тәрбиесін біліммен сіңіре алу шеберлігін жаңғырту сыңайында автор балалардың эмоциялық, аффектілік құбылу сәттерін қадағалап, олардың шаршамау, жалықпау, марғаулыққа салынбау секілді терісқақпай қылықтардан азат ету амал-тәсілдерге тоқталған. Рымиаш Кәмешқызы зерттеу еңбектерінің доминанты сыңайында ғылыми феноменін айқындайтын 8 бағыттарын жіктегені – әрбір өткізілуге тиісті жұмыстарының нәтижеге бағдарлануын қамтамасыз етуді басымдықта алғаны. Мұның өзі бүгінгі модернизация талабына үндес келуін көрсетеді. Ғалым жастардың білім мазмұнынан меңгерген ішкі ойлау, еске сақтау, оны келесі күндерде ұмытпау, әрбір қабылдау үдерісінде әр баланың өзінің бейіміне тән қабылдау әдісінің орнығуы (перцептивтік үдеріс), бір сабақ және апталық, тоқсандық, жарты жылдық, жылдық және т.б. траекториялық желінің өсуі, олардың бөлек-бөлек берілген тақырыптарының сабақтастығын сақтай

білуі (апперсептивтік үдеріс) сияқты психологиялық-педагогикалық негіздерді баланың санасына жеткізуі.

Кілтті сөздер: психология, этнопедагогика, бағытар, ғалым-зерттеуші, құндылықтар, тұлға, тәрбие.

«Логикалық тәжірибе – бұл эксперимент, өз-өзінің ішкі қайшылығын анықтауымен ілгерілеуін қамтамасыз ету.»

Пиаже Жан

Кіріспе

XX ғасырдың Швейцар психологы өзінің ғылыми еңбегінің басым бөлігін жаңа бағытқа бағдарланған генетикалық эпистемология іліміне арнаған. Неліктен Пиаженің «ішкі қайшылық» жайлы проблеманы алға тартқанына мән беріп отырмыз? Оның басты себебі ғалым-зерттеуші Төлеубекова Рымшаш Кәмешқызының ұстанымы аталған тұжырымға сәйкес келетіні байқалды. Қайшылықты шешудің өзі ақиқатқа жетуге мүмкіндік берер үдеріс. Мұның нәтижесі – біліктілікті ұдайы прогрессивті ілгерілетуге алдыңғы меңгерген дүниетанымын замана мүддесіне сейкестендіру.

Өзінің меңгерген ғылыми пайымының құндылығын саралауға қайшылықты табан аузында, оқысынан нұсқалы тұрғыда анықтай алу зерттеушінің өз-өзімен диалогқа түсу іскерлігін ұштап отыруын аңғартады.

Бүгінгі психология және педагогика ілімінде «Жеке тұлғаның өнегелі өмірі», «Ғалым портреті», «Зерттеушінің ғылыми ғұмырнамасы», «Ғалымның тағылым танымы» және т.б. рубрикамен жазылатын зерттеу жұмыстары онтологиялық, генетикалық мәнде қарастырылмай, зерделенбей жүргені кейінгі ұрпақтың дүниеауи пайым-парасатына үлгі-өнеге болар нысанның зәрушілігін дәлелдейді.

Материалдар мен әдістер

Ғалымның ғылыми портретін жасауда педагогика ғылымының жалпылау, жалқылау, феноменін табу, анализ, синтез сияқты әдістері қолданылды.

Зерттеушінің ғұмырламасы мен зерттеу жұмыстары.

Төлеубекова Рымшаш Кәмешқызы 1952 жылдың мамырдың 8 жұлдызында Павлодар облысының Баянауыл ауданының Жосалы ауылында дүниеге келді. 1974 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының «Тарих және педагогика» факультетін тамамдаған, тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі.

1994 жылы «Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрін пайдалану» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады [1]. 1997 жылы педагогика кафедрасының доценті қызметін атқарады. 2001 жылы «Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми педагогикалық негіздері» деген тақырыпқа докторлық диссертация қорғады [2]. 2004 жылы профессор атағы берілді. Абай атандағы қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің Д.14.05.01 шифрі бойынша кандидаттық, докторлық ғылыми кеңестің ғалым хатшысы міндетін атқарады. 2006-2009 жылдары Д.14.05.01 шифрі бойынша диссертациялық ғылыми кеңестің председателинің орынбасары. Этнопедагогика лабораториясының меңгерушісі және «Этнопедагогика және педагогика тарихы» ғылыми оқу-әдістемелік кешеннің ғылыми жетекшісі. Алматы қаласындағы №146 мектеп-гимназиясының ғылыми жетекшісі. 2007 жылдан бастап педагогика кафедрасының меңгерушісі. 2009 жылы Қазақстан тарихында Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде алғашқы рет «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылды. Оның бірінші меңгерушісі болып тағайындалды.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі жариялаған «Қазіргі әлеуметтік мәдени жағдайдағы тұрақтылық және халықаралық келісімдер Қазақстандағы халықтардың этнопедагогикасының теориясы мен әдіснамасын нығайту негізі» атты іргелі зерттеу жұмысының ғылыми жетекшісі. Университет ішіндегі қолданбалы зерттеу жұмысының ректорлық грантқа жарияланған қолданбалы зерттеу жұмысының «Ұлттық тәрбие мазмұнына халықтық педагогиканың компоненттерін енгізудің теориялық-практикалық негіздері» деген тақырыптың ғылыми жетекшісі. Университет жанынан ашылған «Ұлттық тәрбие» журналының бас редакторының орынбасары және «Педагогика және психология» журналының редакция алқасының мүшесі. «Оқыту-тәрбиелеу технологиясы» журналының ақылдастар кеңесінің мүшесі. «Ұлттық тәрбие» жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесінің ғылыми хатшысы.

2013–2014 оқу жылынан бастап Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры. 2015 жылдан бастап «Білім беру» (педагогикалық ғылымдар) мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) диссертациялық кеңесінің төрайымы.

30-дан астам ізденуші-аспиранттардың, докторанттардың ғылыми жетекшісі.

Марапаттары: 1991 жылы «ҚР білім беру ісінің үздігі» белгісімен, 2006 жылы педагогика саласындағы ең үздік ғылыми зерттеулер үшін

Ы. Алтынсарин атындағы медалімен, 2007 жылы «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалімен, 2009 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» медалімен, 2011 жылы «Айрықша еңбегі үшін» төсбелгімен марапатталды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары. Жоғары мектептің білім тәрбие беру саласына байланысты жасалған тұжырымдамаларға мемлекеттік стандарт, типтік бағдарлама авторы: «Әлеуметтік-мәдени жағдайда жоғары сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» тұжырымдамасы (1999), «Қазақстан Республикасының студент жастарына ұлттық тәрбие беру» тұжырымдамасы (2010), «Ұлттық тәрбие» типтік оқу бағдарламасы (2010).

Нәтижелер және талқылау

Ішкі қайшылық зерттеу жұмысының бағыттарын нұсқалы дәрежеде құруына мүмкіндік береді. Рымшаш Кәмешқызының *бірінші бағыты* «Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрін пайдалану».

Зерттеу үдерісін бұл бағытта үш тұғырға жіктеу басымдық, олардың түрлері:

- 1) онтологиялық, ұлттық болмыс тағылымы;
- 2) гносеология; білімалушының тағылым танымы;
- 3) аксиология, ғылыми-біліми нысаналардың рухани құндылықтары.

Үш тұғыр ғылыми жүйенің сабақтастық қағидасын іске асырып, психологиялық және педагогикалық ілімдердің интеграциясын құрайды. Зерттеуші осындай ғылыми негізде білім мазмұнын модульдік жүйені құрып, оның ұсақ элементтерінен блоктар түзілімін саралайды.

Бұл бағыттың нәтижелері: адамның ғұмырын бағалай алуы мен өмірсүйгіштікке бейімдеу, индикаторы, көрсеткіштері, деңгейлік өлшемдіктері. Осы бірінші бағыттың модульдер түзілімі: «Ақыл ой, сана», «Адал еңбек», «Қайырымдылық», «Ізеттілік», «Ата-анаға құрмет», «Адамға мейірімділік». Бұндай жүйе 80-ші жылдың аяқ шенінен басталғаны жайлы дәйектеме.

Екінші бағыты. «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика», Рымшаш Кәмешқызының бастауыш сынып оқушыларының психологиялық қабілеттіліктерінің орталық жүйке жүйесінің перцептивтік және апперсепселі саңылау сезімдерін зерделеу үдерісіне қоса алу шеберліктерін шындау мәселелерін шешуді басымдық ретінде алғаны байқалды. Балалардың білім мазмұнынан менгерген ішкі ойлау, еске сақтау, оны келесі күндерде ұмытпау, әрбір қабылдау үдерісінде әр баланың өзінің бейіміне тән қабылдау әдісінің орнығуы (перцептивтік үдеріс), бір сабақ және апталық, тоқсандық, жарты жылдық, жылдық және т.б. траекториялық желінің өсуі, олардың бөлек-бөлек берілген тақырыптарының сабақтастығын сақтай білуі (апперсептивтік

үдеріс) сияқты психологиялық-педагогикалық негіздерді баланың санасына жеткізуі [3].

Үшінші бағыты. «Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері». Аталып отырған еңбектің басымдық мәні – адамгершілік тәрбиесі, білімді өздігінен білімалушының меңгеруіне қызмет етер ұтымды инновациялық технологиялар мен тағылымын тәжірибеде, қолданатын прагматикалық іскерлікті ұштауда ұлттық және ғаламдық құндылықтардың үйлесімдігін ғылымаралық қағидамен тәжірибеде қолдану.

Рымшаш Кәмешқызы бұл бағыттың мақсатына қол жеткізуіне қызмет етер міндеттерін құрған:

Адамгершілік тәрбиесінің тарихи-әлеуметтік, мәдени дамуындағы көкейкесті мәселелері, оның алатын орны, бүгінгі тәлім-тәрбиенің ерекшеліктері.

XXI ғасырдағы қоғам өзгерісіне, нарықтық сұраным заңдылығына сәйкес интеллектуалды әлеуетін өркендете алу мәселелеріне екіпін жасалған. Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетін халықтық педагогика құндылығы негізінде өркендету, оны қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы жаңа қоғамдағы адамгершілік тұрғыдан жаңарту, нарықтық сұраным заңдылығының өмір сүруіне қатысты интеллектуалды әлеуетін ұдайы білім мазмұны мен тезаурустық мәнде ілгерілету, меңгерген білімнен адамгершілік құндылығын өздігінен дамыту, өзінің азаматтық іс-әрекетін қадағалаудың ғылыми-педагогикалық негізін зерттегені.

Модульдің аталымы: «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда жоғары сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің механизмі», мұнда оқушылардың тұлғалық болмысы – онтологияның өзегі. Ол үш бұрышқа қатысты өркендеуінің мәнімен айқындалған. Бұл үш бұрыш Пифагордың теоремасы: 1. материя – тән тәрбиесі; 2. жан – білім арқылы тәрбиелеу; 3. рухы, аталған екеуін ұдайы ілгерілеу траекториясымен қарқынды дамытылса, оқушының рухы, интеллектуалды қуат-күші өсе түспек деген тұжырыммен көмкерілген. Механизмнің келесі қабаты – психологиялық кеңістік; үшінші қабаты – ұлттық құндылық және жалпы адамзаттық құндылық; төртінші қабаты – адамның кемелді болмысқа бейімделуі, оның өркениеттік арнаға ұласуы; бесінші қабаты – тәрбиелілік кеңістік, адамгершіліктің ұсақ құрам-бөліктерінің ғылымаралық трансформациясы.

Нәтижесі: ұлттық идея жалпыадамзаттық идеямен унификацияланады деген тұжырым жасалған. Бұл еңбектің тағы бір басымдық тұсы – жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда жоғары сынып оқушыларын адамгершілікке

тәрбиелеу жүйесі және жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеу тұжырымдамасы жасалған.

Төртінші бағыты. «Ұлттық тәрбие негіздері», бұл еңбектің феномені – ұлттық тәрбие идеясының әдіснамалық негізі. Әрбір ұлттың өзіне тән кодының болуы, оны танырлық ғылыми-біліми ғылымаралық тұтастықтың тәлім-тәрбие негізінде іске асырылуы қадағаланады [4].

Студенттердің даралық қабілетін айқындаудың белгілері түзілген:

1. Білімалушының саналылығы; 2. Әркез жауапкершілігі; 3. Бостандығы; 4. Қадір-қасиеті; 5. Толеранттылығы; 6. Креативтілігі; 7. Адами болмысының ерекшелігі.

Этномәдениеттің жеке тұлғаға ықпалы, оның ғылым ретіндегі іргетас құрайтын құндылығы.

Рымшаш Кәмешқызы әрбір халықтың құндылықтарын зерделеп оны 5 түрге жіктеген:

1) ең биік иерархиядан жоғары құндылық – адам;
2) адам өміріне қажетті заттық құндылық – табиғат, еңбек және т.б.;
3) әлеуметтік өмір құндылығы – отбасы, Отан, туған өлке, мемлекет және т.б.;

4) рухани өмір мен мәдениет құндылығы – ғылыми бағам, норма, дүниетаным, идеал және т.б.

5) адамгершілік құндылық – сабырлылық, жанашырлық, сақтық, шынайлық, адалдық, айбаттылық, айбарлық сүйіспеншілік, достық, қанағатшылық, сезімділік және т.б.

Адамгершілік индикаторын зерттеуші адам мен адамның тең дәрежеде коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуі тұрғысында зерделеген. Бұл орайда, әрбір индивидтің құқық мүшесі екеніне мән берілуіне қадағалауды басымдықта алу көзделген.

Проектінің басты маңызды тұсы метапәндік сипатын ашуға бағдарлануы. «Мета» пәннің ғылыми-әдіснамалық негіздерін анықтап, ғылымилығын ғылымаралық пәндермен трансформациялау. Білімалушы жастардың белгілі бір бөлігінде рухани-адамгершілік деңгейлерін арттырудың төрт тұғыры:

1) ұлт салауаттылығы (тәні саудың – жаны сау);
2) ұлттың зияткерлік әлеуеті;
3) ұлттың бәсекеге қабілеттілігі;
4) тұтастай алғанда мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің сақталуы. Бәсекеге қабілетті адамзаттық капиталы бар елге апарар желі, жалпыға ортақ еңбек қоғамына және өмірдің мүлдем басқа сапасына қол жеткізер жол – ұлттың рухани-адамгершілік түлеуі арқылы ашылуы.

Аталып отырған бағыттың нәтижесі: қазақ елінің адамдары, халқы бүгінгі таңда ұсынылып отырған ғылыми әр тарапты проектілерге өздігінен бастамашылықпен қатысып, интеллектуалды әлеуетін өмір сүру үдерісіне ұтымды қолданып, прагматикалық, қабілетін ұдайы өркендете алу желісін бағамдай алуы [5].

Зерттеушінің *бесінші бағыты* – «Әдеп негіздері»: Бұл бағыттың басымдық берер тұсы білімалушылардың игерген базалық интеллектуалды әлеуеті мен мінез-құлық іскерліктерінің үзіліссіз өздігінен өркендете алуын қамтамасыз етуі және әртарапты әлеуметтік ортада жүзеге асыруын меңгеруі [6].

Білім мазмұнына әдептіліктің құрылым-жүйесін ғылыми тұжырым құру арқылы мәнін, шығу генезисін, әдептіліктің этикалық түрлерін, ұлттық ерекшеліктері мен ережесінің межесін айқындауы, адам өміріндегі және қоғамдағы әдептіліктің маңызы, оның қажеттілігін ұғынуы, сөйлеу мәдениеті, өзіндік ой шығаруымен шығармашалығын ұштай алуы. Әдеп межесін зерттеуші 8 түрге жіктеген:

- 1) Өзіңе де, өзгеге де адал бол;
- 2) Ренжісең де, қуансаң да әділ бол;
- 3) Бай болсаң да, кедей болсаң да сабырлы бол;
- 4) Сені кеудеден итергісі келгендермен де достық қарым-қатынасыңды үзбе;
- 5) Саған шығын келтіргендерге сен пайда жаса;
- 6) Саған зиян келтіргендерді кешіре біл;
- 7) Үнсіз тұрсаң да, санаң ойға толық болсын;
- 8) Таным-түйсік мүмкіндігін оқу мақсатына пайдалан.

Әдептіліктің тұлғааралық қарым-қатынасқа түскенде пайдасы зор. Оның дұрыс құрылуына қатысы бар қолданымын автор 3-ке бөліп көрсеткен:

- 1) коммуникациялық – адамдардың өзара белсенділікпен ішкі интеллектуалды әлеуметімен ақпарат алмасуы;
- 2) интерактивтік – адамдардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру;
- 3) перцептивтік – адамдардың қабылдау әдіс-тәсілдерінің бір-біріне түсінуіне себеп болуы.

Зерттеуші әдептің қарым-қатынас стратегиясын құрған:

- 1) ашық-жабық;
- 2) монологтық-диалогтық;
- 3) рөлдік-тұлғалық.

Стратегия мен тактиканың жұп келетінін ескерген автор оның тактикасының түзілімін жасап, мәнділігіне айрықша тоқталған. Қарым-қатынас тактикасы – қарым-қатынас ережелерінің техникалары мен білімдерін қолдану негізінде нақты бір жағдайда қарым-қатынас

стратегиясының іске асырылуы деп түсіндірілген. Ғалым тіл мәдениетінің, сөйлеген сөздің дұрыстығы – әдеби нормалардың сақталуы, лексикалық, фонологиялық, стилистикалық, синтаксистік модульдарының сынайында ой-түйінді сөйлесімге айналдырудың маңызын ашқан.

Зерттеушінің *алтыншы бағыты* – «Мәңгілік Ел» идеясы, бұл бағыттың феномені – білімалушылардың Тұғыры биік, Алпауытты монополияға сәйкес келер шетел мемлекеттерімен тең тұрар «Мәңгілік Ел» мәртебесін құруға үлес қосар интеллектуалды әлеуетінің IQ-інің ғылыми қарымының жоғары болуы.

Зерттеушінің *жетінші бағыты* – «Этнопедагогика» мәселесіне арналған еңбек. Бұл еңбектің басымдығы – ұлттық болмыстың ізгілікті тәрбие негізінде құрылып, оны кәсіби құзыреттілігіне қозғаушы күш екенінің ғылыми негізі. «Герменевтика» ұғымының білімалушылар игеруге тиісті білім мазмұнының хронометрін және оның мәнділік сапасын түйсінуінің қажеттілігі – аталған бағыттың басымдығы [7].

Этнопедагогика ғылымының халықтық, педагогикадан ерекшелігі айқындалып, этностық генезисі, тағылымдық-әдіснамалық негізі, этнопедагогика контексіндегі этнология және атропология, қазақ этнопедагогикасының қалыптасуы мен дамуы, халқының болашағына қам жеген қоғам қайраткерлерінің құнды тұжырымдары, қағидалары, дәстүрлері, білім мен тәрбиенің ғылыми қағидасы және оның әдістері мен амал-тәсілдері.

Зерттеушінің *сегізінші бағыты* – «Білім беру саласында жүйелі және терен ойлайтын инновациялық, экономика құрастыру» мәселесінің көкейкестілігін шешу мақсатында жүзеге асыруына көмек берер «Білім берудегі менеджмент» оқу құралын шығарған. Бұл оқу құралы Рымшаш Кәмешқызы Төлеубекова Алматы, Астана қалаларында жоғары оқу орындарында ғылымға сіңірген еңбегі айрықша [8].

Қорытынды

Рымшаш Кәмешқызы 230-дан аса ғылыми еңбектердің авторы. Р. К. Төлеубекова өзінің ғылыми зерттеу еңбектерінде отбасынан басталған адамгершілік тәрбиесінің ержетіп, азаматтық деңгейге көтерілу сатысының өрлеу динамикалық жүйесін ғылыми айналымға енгізген және Қазақстан тарихында тұңғыш рет «Ұлттық тәрбие» пәнін, оның бағдарламасын, тұжырымдамасын, оқу құралын жасаған ғалым.

Халықтық педагогиканың ғасырлар бойы бала тәрбиесін біліммен сіңіре алу шеберлігін жаңғырту сынайында автор балалардың эмоциялық, аффектілік құбылу сәттерін қадағалап, олардың шаршамау, жалықпау, марғаулыққа салынбау секілді терісқақпай қылықтардан азат ету амал-

тәсілдерге тоқталған. Халқымыздың санасынан өшкен адамгершілік, мәдени-адами сапаларды онтайлы өркендетудің құнды дәстүрлері кейінгілерге мұра ретінде төрт блокпен трансформацияланған: бірінші блок – «Салт-дәстүр бастауын бала отбасынан алады»; екінші блок – «Отбасында орныққан салт-дәстүр біртіндеп ауыл-аймаққа тарайды»; үшінші блок – «Ауыл аймақтан тараған дәстүр елге жетеді»; төртінші блок – «Елдік деңгейден әлемдік деңгейге көтеріледі» [9].

Адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыруда тарихи даму қағидасының басымдығына мән беріліп, оқушының заманауи мүддесіне үндес келер жан-жақты кемелді адам, ізгілігі мол адамгершілікті тұлға тәрбиелеуге ерекше маңыз берілгені ескеріліп, олардың табиғи болмысындағы шығармашылық қабілетін ілгерілету үдерісін қарқындылықпен іске асыру бағамдалған.

Әрбір тұлғалы болмысты меңгерген білімалушы өзінің табиғи зияткерлік өнімін патенттеп, оны өндіріске сата алатын проектілерге қатысып, табысты болуларына білімнің ғылыми негізін тәжірибеде қолданып, капитал сапасына айналдыруға, құлшынысын оятуға қолайлы жағдай туғызуды зерделеген.

«Рухани жаңғыру» идеясын іске асырудың басымдығы – жастардың жарқын болашағының, тұғырының, ұлттық сипат, кодының ұрпақтан ұрпаққа сабақтастығын табуы [10]. Идеяның негізі – Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы – ғалымның ғылыми еңбектерінің өзегі. Ұлттық сана, бәсекелестік қабілет, прагматизм, ұлттық даралықты сақтау, білімнің ғылымилығын құру, Қазақстанның эволюциялық дамуын ғылыми жетістіктермен қамтамасыз ету, «Туған жер» бағдарламасын жалпыұлттық патриотизм сияқты ұғымдар Елбасының «Рухани жаңғыру» идеясымен сабақтастық қағида тұрғысында ғалымның бүгінгі күнге дейінгі жазылған еңбектерінің негізі болған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Толеубекова, Р. К.** Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрін пайдалану: п.ғ.к. ғылыми дәр. дисс... – Алматы, 1994. – 162 б.

2 **Толеубекова, Р. К.** Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми педагогикалық негіздері: п.ғ.д. ғылыми дәр. дисс... – Алматы, 2001. – 311 б.

3 **Toleubekova, R., Zhumataeva, E.** The role of ethnopedagogy in shaping positive attitudes towards traditional values of Kazakh people among master's students majoring in education in Kazakhstan // Problems of Education in the 21st Century, 2018. – 76(6). – P. 834–846.

4 **Toleubekova, R. K., Zhumataeva, E., Stepankaya, T. M., Zhumabekova, F. N., Mergaliyev, D. M.** The role of the Kazakh national ornaments in esthetic education // Biomedical and Pharmacology Journal this link is disabled, 2015. – 8(1). – P. 57–66.

5 **Anesova, A.Z., Akhmejanov, A.B., Toleubekova, R.K., Zhumataeva, E.** Theoretical and methodological enhancement of managerial activity in the teachers' professional motivation formation of future specialists // Journal of Intellectual Disability – Diagnosis and Treatment, 2018, 6(3). – P. 89–95

6 **Maussumbayev, R., Toleubekova, R., Kaziyeu, K., Baibaktina, A., Bekbauova, A.** Development of research capacity of a future social pedagogue in the face of digital technologies // Education and Information Technologies this link is disabled, 2022.

7 **Төлеубекова, Р.** Этнопедагогика [Мәтін] : оқу құралы / Р. Төлеубекова, Е. Жұматаева. – Алматы : Эверо, 2019. – 400 б.

8 **Төлеубекова, Р. К.** Білім берудегі менеджмент: оқу құралы / Р. К. Төлеубекова, Е. Жұматаева. – Алматы : «ССК» баспасы, 2017. – 452 б.

9 **Moldazhanova, A., Toleubekova, R., Zhumataeva, E., Sarzhanova, G.** Qualities of a modern manager in the education system: A study among the teaching and administrative staff of Universities in the Republik of Kasakhstan // Espacios. – 2018. – 39(5). – 17.

10 **Төлеубекова, Р. К.** Абайдың педагогикалық дүниетанымы [Мәтін]: ұжымдық монография / Р. К. Төлеубекова, Е. Ө. Жұматаева, Т. С. Сламбекова. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 336 б. – (Абай академиясы).

REFERENCES

1 **Toleýbekova, R. K.** Bastaýysh synyp oqýshylaryn adamgershilikke tárbieleýde halyqtyq pedagogikanyń ozyq dástúrin paidalaný [Using the best traditions of folk pedagogy in the moral education of Primary School students]: p.ğ.k. ğylymı dár. diss... – Almaty, 1994. – 162 p.

2 **Toleýbekova, R. K.** Joǵary synyp oqýshylaryn jańa áleýmettik-mádeni jaǵdaıda adamgershilikke tárbieleýdiń ğylymı pedagogikalyq negizderi [Scientific and pedagogical bases of moral education of high school students in a new socio-cultural environment] : p.ğ.d. ğylymı dár. diss... – Almaty, 2001. – 311 p.

3 **Toleubekova, R., Zhumataeva, E.** The role of ethnopedagogy in shaping positive attitudes towards traditional values of Kazakh people among master's students majoring in education in Kazakhstan // Problems of Education in the 21st Century, 2018. – 76(6). – P. 834–846.

4 **Toleubekova, R. K., Zhumataeva, E., Stepanaskaya, T. M., Zhumabekova, F. N., Mergaliyev, D. M.** The role of the Kazakh national ornaments in esthetic education // Biomedical and Pharmacology Journalthis link is disabled, 2015. – 8(1). – P. 57–66.

5 **Anesova, A. Z., Akhmejanov, A. B., Toleubekova, R. K., Zhumataeva, E.** Theoretical and methodological enhancement of managerial activity in the teachers' professional motivation formation of future specialists // Journal of Intellectual Disability – Diagnosis and Treatment, 2018. – 6(3). – P. 89–95.

6 **Maussumbayev, R., Toleubekova, R., Kaziyeu, K., Baibaktina, A., Bekbauova, A.** Development of research capacity of a future social pedagogue in the face of digital technologies // Education and Information Technologiesthis link is disabled, 2022.

7 **Tóleybekova, R.** Etnopedagogika [Ethnopedagogika] [Mátin] : oqý quraly / R. Tóleybekova, E. Jumataeva. – Almaty : Evero, 2019. – 400 p.

8 **Tóleybekova R. K.** Bilim berýdegi menedjment [Management in education]: oqý quraly / R. K. Tóleybekova, E. Jumataeva. – Almaty : «SSK» baspasy, 2017. – 452 p.

9 **Moldazhanova, A., Toleubekova, R., Zhumataeva, E., Sarzhanova, G.** Qualities of a modern manager in the education system: A study among the teaching and administrative staff of Universities in the Republik of Kasakhstan // Espacios. – 2018. – 39(5). – 17.

10 **Tóleybekova, R. K.** Abaıdyń pedagogikalyq dúnietanymy [Abay's pedagogical worldview] [Mátin] : ujymdyq monografıa / R. K. Tóleybekova, E. Ó. Jumataeva, T. S. Slambekova. – Nur-Sultan : Alashorda, 2021. – 336 p.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

**Е. Жуматаева*

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 13.06.22.

ТЕОРИЯ ПОЗНАНИЯ УЧЕНОГО

Автор отмечает, что основным поводом для написания данной статьи является позиция ученого-исследователя Толеубековой Рымиши Камешкызы. Конструктивно оценивать ценность своего научного видения предполагает умение исследователя вступать в диалог с самим собой. Одной из проблем, изучаемых ученым,

является формирование морально зрелой личности, стоящей на пороге многообразного, сложного мира со всеми социальными и экономическими проблемами и конфликтами, выявление широких возможностей адаптации к новым социокультурным условиям. На протяжении веков народной педагогики на пути возрождения мастерства привития знаний к воспитанию детей автор обращался к способам освобождения детей от негативных поступков, таких как неутомимость, неутомимость, неутомимость, отслеживание эмоциональных, аффективных явлений. Рымшаиш Камешовна классифицирует 8 направлений, определяющих научное явление в доминирующем положении научно-исследовательской работы – приоритетом является обеспечение того, чтобы каждая из выполняемых работ была ориентирована на результат. Это соответствует сегодняшним требованиям модернизации. Усвоенное ученым молодежью из содержания образования внутреннее мышление, память, ее запоминание в последующие дни, закрепление в процессе каждого восприятия специфического для каждого ребенка метода восприятия (перцептивный процесс), рост одноурочной и недельной, квартальной, полугодовой, годовой и т.д. траекторной сети, сохранение преемственности их отдельных тем, осознание (апперсептический процесс) таких психолого-педагогических основ в сознании ребенка.

Ключевые слова: психология, этнопедагогика, направление, ученый-исследователь, ценности, личность, воспитание.

**E. Zhumatayeva*

*Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 13.06.22.*

THE SCIENTIST'S THEORY OF COGNITION

The author notes that the main reason for this article is the position of the scientist-researcher Toleubekova Rymshash Kameshkyzy. Constructively assessing the value of one's scientific vision presupposes the ability of the researcher to enter into a dialogue with himself. One of the problems studied by scientists is the formation of a morally mature personality, standing on the threshold of a diverse, complex world with all social and economic problems and conflicts, identifying broad opportunities

for adaptation to new sociocultural conditions. Throughout the centuries of folk pedagogy, on the way to reviving the skill of instilling knowledge in raising children, the author turned to ways to free children from negative actions, such as tirelessness, tirelessness, tirelessness, tracking emotional, affective phenomena. Rymshash Kameshovna classifies eight directions that define a scientific phenomenon in the dominant position of research work – the priority is to ensure that each of the work performed is result-oriented. This is in line with today's modernization requirements. The internal thinking learned by young scientists from the content of education, memory, its memorization in subsequent days, the consolidation in the process of each perception of a method of perception specific to each child (perceptual process), the growth of one-hour and weekly, quarterly, semi-annual, annual, etc. trajectory network, the preservation of the continuity of their individual topics, the awareness (apperseptic process) of such psychological and pedagogical foundations in the mind of the child.

Keywords: psychology, ethnopedagogy, direction, researcher, values, personality, upbringing.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Mb RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Mb RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz